



ИНДУСТРИЯЛЫҚ ПАРК ИГІЛІГІ МОЛ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ОПЕРА ӨНЕРІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!



www.election.gov.kz

№84
(4982)
Сенбі
18 шілде
2026 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚХР ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Шанхайға жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында Қазақстан Президенті Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді. Сондай-ақ қытай компанияларының жетекшілерімен дөңгелек үстел өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясына (WAIC) қатысты. Жиын «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясына қатысуға шақырғаны үшін Төраға Си Цзиньпинге алғыс айтып, осы іс-шараның Шығыстың інжу-маржаны – Шанхай қаласында ұйымдастырылуы символдық мәнге ие екенін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасын Қытай Коммунистік партиясының құрылғанына 105 жыл толуымен құттықтады. Қазақстан басшысы тараптар сауда-экономикалық салада мол табысқа қол жеткізгенін айтып, осы уақытқа дейін ҚХР еліміздің экономикасына 30 миллиард доллар инвестиция

салғанын тілге тиек етті. Былтыр екіжақты сауда-саттық көлемі 49 миллиард долларға жетті. Қазір Қазақстанда 8,5 мыңнан аса Қытай компаниясы жемісті жұмыс істеп жатыр. Өнеркәсіп, энергетика, газ-химия, машина жасау және ауыл шаруашылығы секілді экономиканың түрлі секторында бірлескен ірі жобалар жүзеге асырылуда. Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Қазақстан Президентіне ілтипат білдіріп, екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға орайлы мүмкіндік туып отырғанына назар аударды. Мемлекеттер басшыларының кездесуі аяқталған соң, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы 2027-2030 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына және жол картасына қол қойды.



ЕЛОРДА КӨРКІ – ЕРКЕ ЕСІЛ

Астананы қақ жарып ағатын Есіл өзенінің жағалауы, шын мәнінде, елордамыздың ажарын ашып тұр. Сондықтан қалада өзен тазалығына айрықша мән беріліп, жүйелі түрде тазалық жұмыстары жүргізіледі.

ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛАДЫ

Мемлекеттік білім беру гранты конкурсының қорытындысы мен грант иегерлерінің тізімі 10 тамызға дейін жарияланады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру гранты конкурсына құжат қабылдау жалғасып жатыр. Жалпы, биылғы негізгі ҰБТ 10 мамыр мен 10 шілде аралығында өтті. Тестілеуге 233 мың талапкер қатысып, екі мүмкіндігін қоса есептегенде тест 422 мың рет тапсырылды. «Грантқа құжаттарды 20 шілдені қоса алғанға дейін жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары, оның ішінде виртуалды қабылдау комиссия-

лары немесе eGov.kz порталы арқылы тапсыруға болады. Конкурсқа қатысу үшін жеке куәлік, ҰБТ сертификаты, білім туралы құжат, фотосурет және қажет болған жағдайда жеңілдік санатын растайтын құжаттар ұсынылады» деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы Гүлзат Жарасова Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

18-19 шілде

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Мекенжайы: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



ӘКІМШІЛІК РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАЛДЫ

Елімізде 22 млрд теңгеден астам әкімшілік айыппұл кешірілді. Бұл шара жаңа Конституцияның қабылдануына орай 1 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған «Әкімшілік рақымшылық туралы» заңның аясында жүзеге асты.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 590 мыңға жуық азаматқа қатысты 1 млн 300 мыңнан астам әкімшілік өндіріп алу туралы қаулының күші жойылған. – Амнистия – бір реттік ізгілік шарасы. Ол болашақта жасалатын құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктен босатпайды. Егер азамат қайтадан құқық бұзса, ол заң талаптарына сәйкес толық жауапқа тартылады. Ішкі істер министрлігі азаматтарды заң талаптарын сақтауға, өзгелердің құқығын құрметтеуге шақырады. Құқық бұзушылық жасамау – жауапкершіліктен сақтанудың ең дұрыс жолы. Ал «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтау – қауіпсіз әрі әділетті қоғамның басты негізі, – деп атап өтті ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Мұрат Қабденов.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 534.1 \$ USD/KZT 468.88 ₸ RUB/KZT 6.04 ¥ CNY/KZT 69.16

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА СЕРПІН БЕРДІ

Бүгінде өнеркәсіп елорда экономикасының басты қозғаушы күшінің біріне айналып отыр. Биылғы алғашқы жартыжылдықта Астанада 2 трлн 256,2 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 111,9 пайызды құрады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің үлесі 94,9 пайызға жетіп, қаланың экономика өсіміне негізгі серпін беріп отыр.

Өнеркәсіп әлеуетін арттыруда «Астана – жаңа қала» және «Астана-технополис» арнайы экономика аймақтарының маңызы зор. Қазіргі уақытта №1 индустриялық парк аумағында жалпы құны 369 млрд теңгеден асатын 145 жоба жүзеге асуда. Оның 100-і іске қосылып, өнім шығарып жатса, тағы 45 жоба іске асу сатысында. Сонымен қатар өндірістердің 30-дан астамы шетелдік инвесторлардың қатысуымен қолға алынған. Бұл қаланың жұмыспен қамту ісіне де айрықша серпін берді. Нақтылап айтсақ, арнайы экономика аймақтарында бүгінде 7 мыңға жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал жаңа жобалар іске қосылған кезде тағы шамамен 2,5 мың жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сонымен қатар №2 индустриялық парк кезең-кезеңімен дамуда. 2029 жылға дейін мұнда жалпы құны 500 млрд теңгеге жуық 100-ден астам өндіріс жобасы жүзеге асып, шамамен 8 мың жаңа жұмыс орны ашылады.

САРЫ АЛТЫНДЫ САПЫРҒАН

Баспасөз турының алғашқы нысаны – «Тау-Кен Алтын» аффинаж зауыты. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясының құрамына кіретін кәсіпорын құрамында алтын бар шикізатты қабылдаудан бастап халықаралық стандарттарға сәйкес келетін алтын құймаларын



ИНДУСТРИЯЛЫҚ ПАРК ИГІЛІГІ МОЛ

Металлургтер күні қарсаңында елордадағы №1 индустриялық парк аумағында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Журналистер елорданың заманауи өндіріс орындарын аралап, өнеркәсіп саласына еніп жатқан озық технологиялармен, отандық кәсіпорындардың даму барысымен танысты.

шығаруға дейінгі толық өндіріс айналымын жүзеге асырады. Зауыттың өндіріс қуаты жылына 50 тоннаға дейін алтын өңдеуге мүмкіндік береді.

– Тек өткен жылдың өзінде 56 тонна тазартылған алтын және 6 тонна тазартылған күміс өндірілді. Өндіріс көлеміміз жыл сайын арту үстінде. Құймаларымыздың сапасы да халықаралық талапқа толық сай келеді. Зауытта өндірілетін алтынның тазалығы 99,99 пайызды құрайды және Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығының (LBMA) халықаралық талапта-

рына толық сәйкес келеді. Мұнда өндірілген алтын Қазақстанның алтын-валюта резервін толықтыруға пайдаланылады, – деді «Тау-Кен Алтын» ЖШС техникалық директоры Зекаил Түлюбаев.

– Биыл кәсіпорынға жаңа жабдықтар, жаңа электролиз ванналары орнатылды. Соның нәтижесінде өндіріс қуаты екі есе артты. Бұрын жылына шамамен 25 тонна алтын өндірілсе, қазір бұл көрсеткіш 50 тоннаға дейін жетті. Ал күміс өндірісі жылына шамамен 70 тоннаны құрайды, – деді металлургия саласында 28 жыл еңбек еткен, «Тау-Кен Алтын» ЖШС балқыту және құю цехының басшысы Қожан Мұратбеков.

Жауапты басшылардың айтуынша, кәсіпорында 80-нен астам білікті маман еңбек етеді. Өндіріс толық автоматтанған желілер арқылы жүргізіліп, жасанды интеллект негізіндегі болжамды техникалық қызмет көрсету жүйелері енгізілген. Бұл ықтимал ақауларды алдын ала анықтап, өндірістің сенімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Кәсіпорын өндіріс қалдықтарын қайта өңдеуге де ерекше көңіл бөледі. Бұл ресурстарды қайта пайдалануға, шикізатты тиімді игеруге және тұрақты даму қағидаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

ӨНДІРІСІ ТҮЛЕГЕН ЖАҢА ЗАУЫТ

Баспасөз турының екінші нысаны – Астана күні қарсаңында пайдалануға берілген полипропиленнен блокты-модульді тазарту құрылысын өндіретін «Тазау» зауыты. Кәсіпорын жылына шамамен 200 өнім бірлігін шығара алады және мұнда 60 адам тұрақты түрде жұмыспен қамтылған.

– Жыл соңына дейін кәсіпорынды толық өндіріс қуатына

шығаруды жоспарлап отырымыз. Біздің зауыт блокты-модульді тазарту құрылысын өндіруге маманданған. Мұнда заманауи жергілікті тазарту қондырғылары, кәріздік тазарту құрылыстары және кәріздік сорғы станциялары шығарылады, – деді «Тазау» зауытының бас директоры Андрей Беляев.

Зауыт жергілікті тазарту құрылыстарын, кәріздік тазарту жүйелері мен кәріздік сорғы станцияларын өндіреді. Полипропиленнен жасалған блокты-модульді қондырғылардың беріктігі мен ылғалға төзімділігі жоғары болғандықтан, олар коммуналдық және өнеркәсіптік инфрақұрылымда кеңінен қолданылып келеді. Осы арқылы кәсіпорын отандық нарықты жоғары техноло-

гиялық өніммен қамтамасыз етіп, импортты алмастыруға және еліміздің өндіріс әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосуда.

Баспасөз туры елордадағы өнеркәсіптің даму қарқынын, өндірістердің жоғары технологияларға бет бұрғанын және импортты алмастыру бағытындағы нақты нәтижелерін айқын көрсетті. Заманауи цифрлық шешімдерді енгізу, халықаралық стандарттарға сай өнім шығару және жаңа өндіріс орындарын іске қосу арқылы Астана еліміздің ірі индустриялық орталығының бірі ретіндегі орнын нығайтып келеді. Бұл өз кезегінде экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және отандық өндірістің бәсекеге қабілетін арттыруға үлкен мүмкіндік береді.



ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП САҚТАЛУЫ ТИІС



Басты мақсат – қоғамдық тәртіптің бұзылуының алдын алу, қауіпсіздік деңгейін арттыру және тұрғындардың экология мәдениетін қалыптастыру. Рейд барысында қоғамдық орындарды ластаудың алдын алуға ерекше назар аударылды. Қатысушылар жабдықталмаған жерлерде суға түсуге және заңсыз балық аулауға тыйым салудың сақталуын тексеріп, өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жүргізді. Полиция қызметкерлері мен Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары демалушыларға қауіпсіздік талаптары мен қоғам-

дық тәртіпті сақтау қажет екенін еске салды. Ал әкімдік өкілдері суға түсуге тыйым салатын ескерту белгілерінің бар-жоғын тексерді. Сондай-ақ байдарка иелеріне ерекше көңіл бөлінді. Әкімдік өкілдері полиция қызметкерлеріне олардың суға жүзуіне рұқсат құжаттарының бар-жоғын тексеруді тапсырды. Себебі өзенде катерлер, теплоходтар мен катамарандар қатынайды, сондықтан қауіпсіздік талаптарын сақтау төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Аудан прокуратурасының өкілдері мұндай

іс-шаралардың басты мақсаты құқық бұзушылықтардың алдын алу және тұрғындардың құқықтық сауатын арттыру екенін атап өтті.

– Рейдтің негізгі міндеті – құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыс деңгейін төмендету. Біз азаматтардың әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауына жол бермеуге тырысамыз, заң талаптарын түсіндіріп, заңмен неге рұқсат етілетінін және неге тыйым салынатынын еске саламыз, – деді Астана қаласы Сарайшық ауданы прокуратурасы бөлімінің прокуроры Әміржан Себжанов.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Бүгінгі таңда поэзияның жоғары сатысына көтеріліп, өзі орта қалыптастыратын деңгейге жетті. Әдебиеттің түрлі жанрларында қалам тербеп, асыл сөз палитрасындағы бояуларын қанық, нақышты қыла түсті. Эпитет, теңеу сияқты бейнелеу құралдары көркемдік қуатын арттырды. Ол тұрғызған жыр күмбезіне қай ракурстан, бұрыштан қарасаң да, ұлттық колоритті танисың. Жырауларға тән екпінінен ағызып бара жатқан арғымақтың тынысын сезіп, рухтанып кетесің. Құмалақ шашып жіберіп, алдағы күніңді болжағандай әсерге бөленіп, оның айтқан ойы, жасаған түйінімен үнсіз келісесің.

Топырағына кіндігімен байланған жанда ғана шынайылық басым. Ол әлемнің ақ жүзін таңғы шықтай адалдығымен жуып, ізгілік пен мейірімнің егізіне айналған. Ауылдағы қарапайым еңбек адамдарын ұлықтап, атын өлеңге қосып, сағынышымен қымтайды біледі. Қыр жаққа көшіп кеткен анасының әруағына басын иіп, қаламының көмегімен тірілтіп алады.

«Үнсіз жатам таң атарда сібірлеп, Жаратқанға сыйынамын күбірлеп. ...Жапырағын тағы жайды жүзімдер, Қайран анам егіп кеткен түбірлеп», – деп тебіренеді. Жер басып жүрген көп адамның басында бар бұл жай ешкімді бейжай қалдырмайды. Метафоралық мағынасы терең, символикалық мәнге ие. Қайта түлеген табиғат арқылы ұрпақ жалғастығы барлығына шүкіршілік айтады.

Кез келген шығармашылық иесінің тұлға болып қалыптасуына туған ортасы, оның магиялық күші септесіп, мінездегі беріктігін қалыптастырады. Жүмекен Нәжімеденовтің Қошалалы, Мұқағали Мақатаевтың Қарасазы бусанған болашақ мұраттарының аттаныс нүктесінде тұрса, Қасымхан Бегмановтың Бабайқорғаны да осы тартылыстан ажырамаған.

«О, шөлдің сәні сексеуіл, Анаммен талай сырласушы едің, ошақта, Дала мен мені қосақта. Әрбір минуты қымбат болса да өмірдің, Ауылға барып алаңсыз жатам осы апта», – дейді автор көтеріңкі пафоспен. Кіші отанын шексіз сүюден туған шумақ. Етжақындары, небір қимастары соңғы аялдамадан тапқан қырдағы белді аңсау, сартап сағыныш. Түннің көзіндей жарқыраған қала шамдарының жарығында трамвай күтіп, әлсіз ойнап тұрған блюз ырғағы тудырған ойлар. Қыңда сөзім қығын шертетін мұндай нәзік жолдар өте көп.

«Мұңдылау қыр... жетті енді сабырсыз дер, Тұлпарлардың байлайтын бағын сіздер. Қатпарланған қайғымды көтерістің, Қара суық жалаған сағымсыз бел», – дейді «Бейіт басында» деген реквием сипатындағы туындысында. Ол – кейіптеудің шебері: табиғаттың қаталдығын қағазға түсіру арқылы ішкі қайғысымен бөлісіп, ностальгия скрипкасында әдемі ойнайды.

Ақын құс тұмсығындай қысқа ғұмырды аялауға шақырады. Өмір мен өлімнің құқығы тең екенін еске салып, философиялық қорытынды жасайды. Екі дүниесін қатар ойлаған ақ пен қараны айырып, әр ісіне ардан күзет қоярын ескертеді. Қазіргі азғындығы басым, айла-шарғысы үдеп тұрған заманның райы мен реңін түзетуге талпынады.

«Бәрі бәстен өтті ме, Келеді кез шешетін. Абайлап бас шөпті де, Түбі үстіңе өсетін», – дейді автор. Оқырман жадында қалғып кеткен қарапайым моралды оятып, айнала-сын сергітіп, әдеби терапия жасайды. Әрбір жаратылыс пен тіршілік иесінің гармониясы, симфониясы бар екенін мойындап, бұрын естімегін дауыстарға құлағынды түресің. Ал «Құлазу» өлеңіндегі мына бір шумақ шағын эпизодқа тұтас кеңістікті сыйдырып тұр:

«Оған бәрі елес қой, Көз алдынан өтетін. Өмір арық емес қой, Аттап өтіп кететін». Жандүниеңді қозғалысқа түсіріп, артта қалған, енді оралмайтын сәттерін мен мезеттерінді есіңе аласың. Қағаз қайықпен ойнаған балалық кезің, тағдырдың асау толқынымен алысқан есейген шағың көз алдыға келеді. Кішкентай ғана детальдан үлкен мән іздеген ақынның өзіндік мәнеріне таңғаласың.

ТАҚЫРЫБЫН ТАПҚАН АҚЫН

Қасымхан Бегманов – тақырыбын тапқан, қолтаңбасы айқындалған ақын. Нәзік лирикадан бастап, сағыныш суреттері, адамгершілік иірімдері, Отанға, туған жерге деген концептуалды байламдары өзіндік өрнегімен ерекшеленеді.



Ұлы достықтың жібі үзілмей, бір-біріне деген құрметі мәңгі сақталады. Оның қазақ поэзиясының құбылысына айналған Есенғали Раушановпен рухани туыстығы өзге қаламдас әріптестеріне үлгі боларлықтай. «Құстар – біздің досымыз» эсселер кітабының авторына арнаған аза жырларын күңіренбей оқи алмайсың. Соның бірі – «Тұлпар» циклді өлеңдері.

«Тар лақатқа неғайбыл сиярында, Нені ойладың жалғанды қиярында. Кетіп қалдың есімді жиярымда, Көктем сайын ұшасың құсқа айналып, Көкмойнақ жыр қалқиды қиялымда», – дейді ол. Маржандай жарқылы бөлек өлеңдері өз алдына, орнитологтармен бәсекеге түсуге жарап жатқан бөспәп үзеңгілесінің жарық дүниемен тым ерте қош айтысуы жүрегіне үлкен жара салды. Адам рухын құсқа теңеу арқылы оның еркіндігін, алда мәңгілік өмірі барын меңзейді. Биологиялық ғұмыры аяқталғанымен, әдеби ғұмыры жалғаса беретінін көңілге медеу тұтады.

Қазақ дүниетанымында «қоңыр» ұғымы – бояудың ғана түсі емес, қарапайымдылық пен тыныштықтың үйлесімі, табиғатпен одақтасу белгісі және дәстүріне байланған брендті. Қасымхан Бегмановтың төлқұжатына айналған «Қоңыр» өлеңі даланың жусан иісін, сексеуілдің шоғын, күпіннің жылуын, күбінің дәмін сездіреді.

«Қоңыр өлең, қоңыр ауыл, қоңыр ән, Қоңыр бала табиғатын қорыған. Қарапайым қоңыр ақын ұлт боп, Салқын самал көзін сүрткен сүлгі боп», – деп құйылып түскен жолдардың шынайылығына сүйсініп, шеберлігіне тәнті боласың. Табиғи ретпен қаланған сұлулығы кеуденде шайқалып, көңіліңді көлдей тасытады. Жүмекен Нәжімеденов автордың тырнақалды «Бастау» жинағына жазған алғысөзінде: «Талант – құнарлы топырақ қана. Топырақ өздігінен өнім бермейді, оған дән себу, оны күтіп, баптау керек. Сонда ғана ол ырыс-берекеге айналады. Қасымхан мына жинағымен топырағын танытты...», – дейді. Болмысы жұмбақ, «қоңыр» категориясын өз кульминациясында жырлаған ақын жас перінің беталысын бірден байқап, ақжол тілеп, өлең өлкесіндегі тұсауын кескен. Киелі ауыздың сенімі алдамағаны анық.

Мағыналы мәтіннің сұлу әнмен көмкерілуі оған екінші өмір сыйлайды. Композитор мен ақын арасындағы тандем мәңгілік шығармалар тудырып, тотықұстай түрленіп шыға келеді. Ол – «Теміртау түні» (Ілья Жақанов), «Алматы – әнім» (Қалдыбек Құрманәлі), «Көктемге хат (Гауһар Әлімбекова) «Аяулыма» (Арман Бексұлтан), «Ол көктем оралмайды» (Роза Әлқожа), т.б. хит әндердің сөзін жазған. Бір қайнау ішінде, кедір-бұдырынан көз сүрінетін мипалау емес, мизамшуақ туындылар. Мысалы, Арман Бексұлтанмен бірлесіп жазған «Дүние» толғауында:

«Дүние қызыл-жасылды, Сан ұрпақ саған бас ұрды. Толқын да толқын қазақтың, Топырақ жүзін жасырды», – деп уыстай ғана ұлтымыздың мойнына қылбурау түскен ащы тарихын айта келіп:

«Жүрегін жаудың қақ тілген, Алшайтып тұрып ат мінген. Қазақ деп жылап жаттым мен, Қазақ деп мұңға баттым мен», – деп халықтық деңгейде толғанып, тарихымыздың ақтаңдақ беттеріне шолу жасайды. Бодандықтан бостандыққа ұмтылған алаш жұртының өткенін ашына толғап, тұлпардың алдыңғы аяғын аспанға көтеріп, ақырып азаттық сұраған елдің аласапыран жылдардағы азапты асуларын жіпке тізеді. Азаматтық поэзияның жарқын үлгісі. Интернетке байланған бүгінгі Z және Alpha буынға бабалар аңсаған теңдіктің қадірін ұқтырады. Оқығанын тез ұмытып қалатын бүгінгі «балық-санаға» бәрін қайта түсіндіріп, осы жердің егесі біз екенімізді айтады. Елшіл, мемлекетшіл рухта тәрбиеленіп жатқан әрбір жасөспірім заманауи эстрадалық өңдеуден өткен осы шығарманы отбасылық гимніне айналдыруы тиіс.

Қасымхан Бегмановтың «Мұстафа Шоқай жолымен» халықаралық экспедициясы – бүкіл бір институт атқаратын ауқымды еңбек. «Тұтас Түкістан» идеясын өмірлік кредосына айналдырған тұлға болмысы ақын қаламына жаңа серіп, реңк берді. «Шерлі Түркістан» дастаны көксерек жанға көркем сөзбен қойылған ескерткіш болғаны анық. Тұнған элегия. Кеше мен бүгіннің бетпе-бет келуі, дидарласуы кино ленталарындай тізбектеліп сала береді.

«Қара жол ойдым-ойдым тынған анық, Құлаған ескі столба сымға оралып. Мұстафа Шоқай ердің атажұрты, Бұйғып жатыр екен құмға оранып», – деген шумақтан Наршоқының бүгінгі кейіпін көріп, жабырқап қаласың. Шағын ауылдан ханандық масштабқа көшін ұзатқан кемеңгер тұрағын жергілікті атқамінерлер қадірлей алмағанына қынжыласың. Ақберен рухты, арыстан жүректі батырымыз аңдыған жау көзінен – қызыл террордан тасаланып, ернеуі тар лақатқа да жасырынған. Тәуекелі басым, қауіп орасан жылдар қасіретін ақын шын сезінеді.

«Мұндайды бұрын көріп пе ең, Сөзгендей тіпті боласың. Пана ғып жатты өлікпен, Қоққанның шеткі моласын», – деп толғанады ол. Құйқа тамырынды шымырлатып жіберетін көрініс. Күрескер өмірінен алынған осы бір штрих дастанның даму динамикасын күшейтіп, сюжет құруда авторлық шешімнің мақсатына жеткенін аңғартады. Бұл – бұрыннан айналымда бар деректерге сүйеніп жаза салу емес, автордың оқиға болған жерге өз аяғымен барып, фактілерді, куәгерлер мәліметін жан-жақты салыстырудың нәтижесі. Бұл айтқанға ғана жеңіл.

Өзбекстан, Ресей, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Франция, Германия сияқты бірнеше елдің шекарасын асу, дипломатиялық кедергілерді реттеу, сирек құжаттарды қолға түсіру – бұл турист болып бару емес, күрескер тұлғаның әр қимыл, іс-әрекетіне құлақ тұру маршруты еді.

«...Қайтейін қалмаған соң басқа амалым, Тарихты өткен, кеткен ақтарамын.



Асау жыр боп оянып көкірегінде, Хат болып кейінгіге сақталамын», – деген автор байламымен келісіп, өткенге ой жүгіртесің. Қазіргі таңда түркітілдес халықтар Тұран одағын құру бастамасын жиі-жиі көтеріп, үлкен мінбелерден мәлімдеме жасауда. Әлемдегі турбулентті жағдай, геосаяси мәселенің шиеленісуі бір жұдырық болып жұмылып, ортақ мүдде жолында күш біріктіру қажеттігін алға тартуда. Жиырмасыншы ғасыр басында теория жүзінде қалып қойған тізе біріктіру жоспарына қайта жан біткендей. Осы ізгі мақсаттың аттаныс нүктесінде тұрған Мұстафа Шоқайдың күрескерлік жолы, оның идеясына жан бітіріп, жүйелеген, жаңғыртқан Қасымхан Бегмановтың жанкешті жорығы, шығармашылық шеруі мемлекет тарапынан қолдау тауып, барынша бағалануы қажет.

Өз жерінде жалға алушы құқығында болудан асқан қасірет бар ма? Патшалы Ресейдің 1868 жылғы «Уақытша дала ережесі» киізтуырлықты қазақ елінің территориясын империя меншігі санап, елге тұтқа болар ат төбеліндей қайраткерлерді күрес майданына шығарды. Автордың «Алашорда аманы» поэмасы дүрбелеңге толы, дүрмегі мол кезеңнің диагнозын дәл қойып, сол дәуірдегі сүт бетіне шыққан ұлт қаймақтарының тұтас галереясын жасайды.

«Қазақ әйелі туады әлі, олардай асыл тұлғаны, Шығады елім таулар мен биік қырға әлі. Шығарып салып тұрмын мен жалғыз тізіліп ұшқан тырнаны, Жүректі баурап жазылар жырдың ырғағы. Асылдарым-ай, Ел мен Жер үшін қуғын-сүргіннің құрбаны, Жағалап жүріп ойладым су қашқан ескі жылғаны», – деген төгіліп түскен шумақтың поэтикалық қуаты, рух шақырар энергетикасы орасан зор.

Қасымхан Бегмановтың жауқазын жырлары ренессанстық, қайта өрлеу дәуірінің басында тұрған жампоздарымыздың бейнесін жадымызға қайта түсіріп, тарихтан сабақ алуға шақырады. Тізерлеп тұрып:

«Туған жер! Жерленбесе төсіңе егер, Ере алмай қалған болсақ көшіңе егер. О, мұңлы Алашорда, кеш іздесек, Біздерді кешіре гөр, кешіре гөр...», – дейді жалынышты үнмен. Жайнамазындай жайылған ақ қағазына бәріміз үшін тағзым етіп, сарғайған мұрағат беттеріне үңіледі. Оның сезім пернелерін дөп басатын нәзік лирикасы өзінің болмысына да керемет анықтама береді.

«Уайым-қайғы тумай жатып жедің ғой, Қаршадайдан қосып алған сезімге ой. Сағыныштан жанып кеткен отызда, Мен Төлеген Айбергенов едім ғой...», – дейді буырқанған көңілмен. Ақжал толқындары жартасты ұрған теңіздей тасып-төгілуі, шабыттанғанда атыраулап кететін қарқыны, эпикалық сарынға түскенде «Эврика!» деп шалқуы – бәрі-бәрі өзіне жарасады.

Ақын жүрегі дүние жүзіндегі барлық қиын ситуацияларды өзіне жақын қабылдайды. Қарлығаштың қанатымен су секкендей көмекке ұмтылып, адамзат назарын соған бұрады. Бауырлас Анадолы жұртындағы алапат жер сілкінісі «Түркиямен мәңгі біргеміз!» өлеңін жаздырып, дабыл қақтырды.

«Көктем келер жер дүние боялып, Өкпе-назды, арзан сөзді қоялық. Қасірет пен кемшілікті жоялық, Ғасырларға созылмасын өкініш, Бірігіндер, бүкіл Түркі, оянып!» – деп алысты болжап, жұмыла көтерген жүк жеңіл боларын түспалдайды. Мемлекеттер арасындағы тату көршілік саясатын нығайтып, ортақ құндылықтарды дәріптеу, мәдениетаралық байланыстарды арттырып, бір-бірін аудармасыз түсінетін елдер арасын жақындату – міне, әлемдік деңгейге көтерілген қалам қайраткерінің бұл да арманы.


Біздің кейіпкер жер мәселесінде түрлі саяси жағдайлардың ұршықша иіргенін барынша түсінгенімен, үлесінен айырылып қалған тұстарды өткір тілімен айтып салады. Қайсар бабаларының жоғын іздегенде жұққан әдет болса керек. «Бесқала» циклі мен «Ташкентпен қоштасу» – ішіне екінші пен өксік толған перзенттің қоғамға қаққан қоңырауы болса, «Құлындының даласы-ай» өлеңі де қоңыр мұңмен көмкерілген.

«Құлындым-ай... кісінейсің шырқырап, Ай астында жусан иісі бұрқырап. Асты бұлақ, өзегі – өзен, сырты бақ, Ана қырда қадірлімнің жұрты қап. Ұлы дала етегінен қырқып ап, Жүрегімің тең жартысын жыртып ап», – дейді ол. Жатқа қонысының бір сүйемін де бергісі келмейтін жанның ышқынған, ызаланған дауысы. «Этнографиямен әңгіме» кітабы авторының бұл күзелісі қандай аянышты десеңші! Жазиралы белін, оның бал татыған суын қимаудан туған жыр жолдары.

Бабайқорғандық Бегманов бозаң шағында «он сегіз» бен «жиырма бесін» жырлап, кесте тоқыған қыздарға десте жырын арнаса, кейін келе өрісін ауыстырып, ұлттық деңгейге көтеріліп, түрлі жанрларда қалам тербеді. Оның «Менің Мұстафам» тарихы монодрамасы М.Әуезов атындағы мемлекеттік театрында қойылып жатса (қоюшы режиссері – Әубәкір Рахимов), «Ер Төстік», «Ұр, тоқпақ!» балаларға арналан пьесалары республикамыздың қуыршақ театрларының репертуарынан түспей, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. «Дәстүр» этнографиялық журналы қазақ журналистикасының олжасына айналды. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары ретінде күллі әдеби процестердің бел ортасында жүр. Оның шығармашылығы жайлы сөз өнерінің Қадыр Мырза-Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Өтеген Нұрғалиев, Қабдеш Жұмаділов, Дулат Исабеков, Әшірбек Сығай, Темірхан Медетбек, Серік Ақсұңқарұлы, Есенғали Раушанов сияқты мүйізі қарағайдай өкілдері кезінде жылы пікір білдірді.

Ойымызды түйіндер болсақ, Қасымхан Бегмановтың «Құланиек, құба таң» таңдамалы жыр кітабы «Әдебиет» аталымы бойынша ҚР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, сарапшы топтың әділ бағасын алуға лайық.

Бекжан ӘШІРБАЕВ, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты



№84 (4982) 18/07/2026 Сенбі

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 10.07.2026 №182-2348

Астана қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге және оның дизайн-кодын сақтауға бағытталып жөнделуге тиіс көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге және оның дизайн-кодын сақтауға бағытталып жөнделуге тиіс көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жариялау үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «10» 07 №182-2348 қаулысына қосымша

Астана қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге және оның дизайн-кодын сақтауға бағытталып жөнделуге тиіс көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесі

Р/с №	Мекенжайы:	Аудан	Құрылыс жылы	Техникалық байқау
1	2	3	4	5
1	Астана қаласы, Абай даңғылы, № 28 үй	«Байқоңыр» ауданы	1959	2026 жылғы мамыр
2	Астана қаласы, Абай даңғылы, № 30 үй	«Байқоңыр» ауданы	1959	2026 жылғы мамыр
3	Астана қаласы, Абай даңғылы, № 32 үй	«Байқоңыр» ауданы	1975	2026 жылғы мамыр
4	Астана қаласы, Абай даңғылы, № 34 үй	«Байқоңыр» ауданы	1973	2026 жылғы мамыр
5	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, № 6 үй	«Сарыарқа» ауданы	1941	2025 жылғы мамыр
6	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, № 6/1 үй	«Сарыарқа» ауданы	1941	2025 жылғы мамыр
7	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, № 6/2 үй	«Сарыарқа» ауданы	1941	2025 жылғы мамыр
8	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, № 6/3 үй	«Сарыарқа» ауданы	1941	2025 жылғы мамыр
9	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, № 66 үй	«Сарыарқа» ауданы	1980	2025 жылғы қазан
10	Астана қаласы, Республика даңғылы, № 57 үй	«Сарыарқа» ауданы	1983	2022 жылғы маусым
11	Астана қаласы, Тауелсіздік даңғылы, № 16 үй	«Алматы» ауданы	1977	2024 жылғы маусым
12	Астана қаласы, А. Кравцов көшесі, № 6 үй	«Байқоңыр» ауданы	1978	2022 жылғы мамыр
13	Астана қаласы, А. Петров көшесі, № 16 үй	«Алматы» ауданы	1996	2022 жылғы мамыр
14	Астана қаласы, Кенесары көшесі, № 16 үй	«Сарыарқа» ауданы	1970	2024 жылғы қыркүйек
15	Астана қаласы, Кенесары көшесі, № 22 үй	«Сарыарқа» ауданы	1960	2026 жылғы мамыр
16	Астана қаласы, Кенесары көшесі, № 24 үй	«Сарыарқа» ауданы	1980	2026 жылғы мамыр
17	Астана қаласы, Кенесары көшесі, № 29 үй	«Сарыарқа» ауданы	1959	2026 жылғы мамыр
18	Астана қаласы, Кенесары көшесі, № 30 үй	«Сарыарқа» ауданы	1967	2026 жылғы мамыр
19	Астана қаласы, К. Сатпаев көшесі, № 19 үй	«Алматы» ауданы	1984	2024 жылғы маусым
20	Астана қаласы, Ш. Қалдаяков көшесі, № 1 үй	«Сарайшық» ауданы	2007	2026 жылғы мамыр

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 13.07.2026 №510-2386

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Мектеп» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Заречный тұрғын алабы, Үшкөпір және Қаратөбе көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 2,3767 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 тамыздан бастап 2027 жылғы 3 тамызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық

ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «13» 07 №510-2386 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-320-128-127	Алиева Виктория Викторовна, Меркель Ирина Викторовна, Блинов Виталий Викторович, Кадырова Светлана Аташевна, Княшко Александр Владимирович	2331	1995	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 6-үй, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 6-үй, 2-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 6-үй, 3-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану Жеке үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу	Ортақ үлестік меншік
2	21-320-128-686	Умралиева Улутар Болатбековна	778	608	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік

3	21-320-128-321	Тусупбекова Куляш Муслимовна, Тусупбеков Бахтияр Муратович, Тусубеков Берик Муратович, Тусупбеков Талгат Муратович, Тусупбеков Бейбит Муратович Подскачий Вадим Станиславович Нуралина Разия Кандыбаевна Подскачая Валентина Леонидовна	3707	3707	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 1-үй, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 1-үй, 2-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 1Б-үй Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 1В-үй	Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу Тұрғын үйді пайдалану Жеке үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
4	21-320-128-481	Габитова Хава Камиловна Турганбаев Самат Кабыкенович, Әбдікәрім Алмағұл Кабыкеноқызы, Тургамбаев Зейнул Кабыкенович Макиншев Данияр Сақтаганович	3861	2611	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 5-үй, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 5-үй, 2-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 5/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу	Ортақ үлестік меншік
5	21-320-128-282	Гладких Александр Дмитриевич, Гладких Лидия Мельхиоровна, Соболев Татьяна Александровна, Гладких Ольга Александровна, Гладких Александр Александрович Гладких Лидия Мельхиоровна Барбасова Светлана Сагитовна	2272	755	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 8-үй, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 8-үй, 2-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 8-үй, 3-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
6	21-320-128-069	Яковенко Елена Михайловна Хасмуудинов Серик Маратович	1957	1251	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 2-үй, 1-пәте Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 2-үй, 2-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
7	21-320-128-308	Кирибаев Нурбек Макзумович Токсеитова Рабига Альбековна, Арапбаев Еркимбек Каримбекович	1643	79	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Ақселеу көшесі, 7-үй, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Ақселеу көшесі, 7-үй, 2-пәтер	Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
8	21-320-128-275	Қадыров Тахир Аташулы, Кадырова Светлана Аташевна Узбеханова Шолпан Нигматоллаевна	3652	123	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 7-үй, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 7-үй, 2-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
9	21-320-128-141	Ким Алия Зейнуллиновна Алимтаева Танишолпан абылайхановна Шеварёва Алена Антоновна, Морозова Ирина Ююевна, Мельников Станислав Витальевич	2574	2574	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 4-үй, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 4-үй, 2-пәте Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 4-үй, 3-пәтер	Жеке тұрғын үйді пайдалану Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
10	21-320-128-802	Балабекова Марзиа Шоптыбаевна Макишева Данара Данияровна Тюкавкина Татьяна Борисовна	3368	3368	Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 3/1-ғимарат, 1-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 3-үй, 2-пәтер Астана қ., «Есіл» ауданы, Заречное тұрғын алабы, Үшкөпір көшесі, 3Б-үй	Тұрғын үйді пайдалану Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу	Ортақ үлестік меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 13.07.2026 №510-2387

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысының, «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 263 бұйрығының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамына қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Мандарин» қонақ үй кешені» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Д. Қонаев және Сарайшық көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 7,6618 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 тамыздан бастап 2027 жылғы 3 тамызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.


3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек



Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «13» 07 №510-2387 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-320-072-659	«Nova City Development» ЖШС	2319	2319	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 20/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
2	21-320-072-665	Байгенжин Абай Кабатаевич, Байгенжина Фания Айдархановна	2330	2330	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 24/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
3	21-320-072-673	«Arsaron building company» ЖШС	1670	359	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 28-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
4	21-320-072-654	Әбибуллаева Динара Титоқызы	1884	1884	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 18-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
5	21-320-072-652	Карсыбеков Искандир Серикович, Карсыбекова Дина Абаевна	1734	1734	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 16-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
6	21-320-072-651	Шамаханова Асель Айтпековна, Алдабергенов Таир Нурланович, Алдабергенова Диана Нурлановна	1513	1513	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 15-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
7	21-320-072-658	Богдевич Яна Генриховна	1763	1763	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 20-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
8	21-320-072-662	Шабдарбаев Амангельды Смагулович	1764	1764	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 22-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
9	21-320-072-657	Омарова Зауре Даулетовна	1863	1863	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, № 19/1 учаске	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
10	21-320-072-653	«ГИГ Проперти» ЖШС	1547	1547	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 17-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
11	21-320-072-644	Мустафин Санжар Анатольевич	1502	1472	г. Астана, район «Есиль», ул. Д. Қонаева, дом № 9	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік

АИТВ-ға ТЕСТ ТАПСЫРУ АТА-АНА ҮШІН ДЕ МАҢЫЗДЫ

Баланың дүниеге келуі – үміт пен жоспарға, жағымды сәттерге толы ғажайып сәт. Әрбір болашақ ана тек бір нәрсені: нәрестенің дені сау дүниеге келуін армандайды. Бүгінде медицина алға қарай үлкен қадам басты, сондықтан «АИТВ инфекциясы» диагнозы бұдан былай ата-ана атану бақытынан айыратын үкім емес.

Заманауи медицина АИТВ-позитивті ата-аналарға да дені сау бала сүюге мүмкіндік береді. Бірақ сәбидің аман-сау дүниеге келуіне екі негізгі фактор қажет: дер кезінде жасалған профилактика және ата-ананың екеуінің де жауапкершілігі. Баланы қалай қорғауға болады және әйелдер консультациясына тек болашақ ана ғана емес, болашақ әке де неліктен келуі керек?

АИТВ-ның анадан балаға берілуі үш кезеңде жүруі мүмкін: жүктілік кезінде; босану процесінде; емізу (омырау сүті) арқылы.

Медицина көмегіңсіз вирустың балаға берілу қаупі шамамен 30-40%-ды құрайды. Бірақ заманауи медицина бұл көрсеткішті нөлге жуық (1-2%-дан төмен) деңгейге дейін төмендетуге қауқарлы. Ол үшін нақты жұмыс істейтін алгоритм – үш кезеңді химиялық профилактика бар:

Жүктілік кезінде дәрі-дәрмек қабылдау. Жүкті әйелден АИТВ анықталған бойда оған арнайы антиретровирустық терапия (АРВТ) тағайындалады. Дәрілер вирустың ағзада көбеюін бұғаттайды. Нәтижесінде қандағы АИТВ концентрациясы (вирус жүктемесі) анықталмайтын деңгейге дейін төмендейді.

Вирус плацентарлық бөгет арқылы ұрыққа өте алмайды. Қауіпсіз босану. Вирустың жүктемесге байланысты дәрігерлер босанудың ең оңтайлы және қауіпсіз әдісін таңдайды. Босану кезінде де әйелге антиретровирустық препараттар тағайындалуы мүмкін (егер әйел оларды жүктілік кезінде қабылдмаса немесе АИТВ босанар алдында анықталса).

Жаңа туған нәресте үшін профилактика және омыраумен емізуден бас тарту. Өмірінің алғашқы апталарында сәбиге арнайы профилактикалық сироп беріледі. Сонымен қатар АИТВ-позитивті аналарға бала емізуден бас тарту ұсынылады, себебі вирус омырау сүтінде болады. Бала алғашқы күндерден бастап заманауи бейімделген сүт қоспаларына (жасанды тамақтандыруға) ауыстырылады.

Маңыздысы, АИТВ инфекциясының алдын алу және емдеуге арналған барлық дәрілік препараттар елімізде кепілдік берілген көлем шеңберінде тегін беріледі, ал терапияның өзін болашақ баланың денсаулығы үшін қауіпсіз.

Көзге көрінбейтін қауіп. Әйел жүктілік бойынша есепке тұрған кезде, оған міндетті түрде АИТВ-ға тест тағайындалады. Жиі жағдайда болашақ аналар: «Неліктен бұл талдауды менің күйеуімнен/серігімнен де талап етеді? Босанатын мен ғой!» деген сұрақ қояды. Дәрігерлердің бұл талабында үлкен мән мен баланың өміріне деген қамқорлық

жатыр. Оның себептері:

«Терезе» кезеңі: кейде есепке түру кезінде (бірінші триместрде) әйелдің тесті теріс (отрицательный) нәтиже көрсетеді. Ол тынышталады. Бірақ егер оның жыныстық серігі жұқтырса және бұл туралы білмесе (немесе жасырса), ол әйелге жүктілік кезінде жұқтыруы мүмкін. Мәселе мынада: вирус ағзаға түскеннен кейін антиденелердің түзілуі үшін уақыт керек (2-3 аптадан 3-6 айға дейін), бұл «терезе кезеңі» деп аталады. Вирус әйелдің иммундық жүйесіне әсер етіп, ұрыққа қауіп төндіріп тұрса да, әйелдің тесті ұзақ уақыт бойы «минус» көрсетіп тұруы мүмкін.

«Жаңа» жұқтыру кезіндегі қауіптің ең жоғары шегі: егер әйел АИТВ-ны дәл жүктілік кезінде жұқтырса, оның ағзасында вирустың шоғырлануы күрт өседі. Вирус жүктемесі өте жоғары болады, ал қорғаныш антиденелері әлі қалыптасып үлгермейді. Дәл осы сәтте инфекцияның болашақ балаға берілу қаупі бірнеше есе артады.

Ер адамды (жыныстық серіктесін) АИТВ инфекциясына тестілеу ауруды дер кезінде анықтауға және емдеуді бастауға мүмкіндік береді. Заманауи антиретровирустық терапия вирус жүктемесін анықталмайтын деңгейге дейін төмендетеді, бұл жағдайда вирус серігіне

12	21-320-072-645	«Doctor Dent» ЖШС	1520	1520	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 11-үй	Көпбейінді клиниканы пайдалану	Жеке меншік
13	21-320-072-664	Алимжанов Азамат Қонысулы	1724	1724	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 24-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
14	21-320-072-660	Естеков Марат Жанибекович, Естекова Альфия Алтынбековна	1894	1542	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 21/1-үй	Балалардың қысқа мерзімді болуына арналған үй-жайды пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
15	21-320-072-663	Мусаева Айгуль Абдувалиевна	1546	355	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 23/1-үй, 23-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
16	21-320-072-649	Турисбеков Тимур Заутбекович	1887	1840	Астана қ., «Есіл» ауданы, «Есіл» өзенінің сол жағалауы, №12 көше, 14-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
17	21-320-072-661	«Arsaron building company» ЖШС	1502	1502	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 21-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
18	21-320-072-650	Амирбеков Қайрат Аскарович	1884	1884	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 15/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
19	21-320-072-669	Сабеков Бегдан Сабекович	1742	1742	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 26-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
20	21-320-072-648	Ескендиоров Канат Саматович, Ескендирова Малика Ерлановна	2313	2279	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 141-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
21	21-320-072-647	Муратова Айгерим Алматовна, Муханов Амиржан Махсатович	1521	1521	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 13-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
22	21-320-072-643	«ARCADA (АРКАДА)» ЖШС	1896	1853	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 9/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
23	21-320-072-656	Жанботина Гульнара Сағандыковна, Жанботин Жанат Дюсенович	1501	1501	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 19-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
24	21-320-072-668	«Arsaron building company» ЖШС	2327	1905	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 26/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
25	21-320-072-646	Есенғалиева Айгерим Бахджановна	1890	1890	Астана қ., «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 13/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
26	21-320-072-655	Беркинбаева Ляззат Арыказыевна	2332	2332	Астана қ., «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 18/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік

берілмейді. Бұл әйел мен болашақ нәрестеге қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Әйелдің жыныстық серіктесін тексеруге жіберу – бұл стандартты медициналық процедура. Оның басты мақсаты – жүктіліктің соңғы мерзімінде немесе тікелей босану алдында әйелдің жұқтыру қаупін толығымен жою.

Тестілеуден қалай өтуге болады? АИТВ-ға тексеруден кез келген тұрғылықты жері бойынша емханада немесе АИТВ-ның алдын алу орталығында жылдам әрі құпия түрде өтуге болады.

Медициналық тексеруден бірлесіп өту – бұл жауапты ата-ана болуды жоспарлаудың маңызды бөлігі. Баланың денсаулығы ата-ананың екеуінің де қатысуына байланысты. АИТВ инфекциясын дер кезінде анықтау және бақылау сау бала дүниеге әкелуге және отбасының өмір сүру сапасын сақтауға мүмкіндік береді.

АИТВ-ны диагностикалау, алдын алу және емдеу мәселелері бойынша қосымша ақпаратты АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының сенім телефондары арқылы: 57-67-20, 38-07-02 немесе www.kaz aids.kz сайтынан алуға болады.

Салтанат МУСИНА, Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК директорының ұйымдастыру-әдістемелік және эпидемияға қарсы мәселелер бойынша орынбасары

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУ – МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Мемлекеттік қызмет – ел дамуына үлес қосып, қоғам алдындағы жауапкершілікті абыроймен атқаратын маңызды сала. Бүгінде мемлекеттік аппараттың тиімділігі, ең алдымен, онда еңбек ететін қызметшілердің кәсібилігіне, адалдығына және халыққа қызмет етуге деген жауапкершілігіне байланысты.

Осы тұрғыда мемлекеттік қызмет жүйесіндегі негізгі қағидаттардың бірі – меритократия ерекше маңызға ие. Меритократия – қызметте ілгерілеу адамның жеке ықпалға емес, біліміне, еңбек тәжірибесіне, бастамашылдығына негізделуі тиіс деген ұстаным. Бұл қағидат мемлекеттік қызметшілер арасында әділ бәсекелестік қалыптастырып, әрбір маманның кәсіби дамуына жол ашады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесінде ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаттарын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Іріктеу және мансаптық ілгерілету процестерін жетілдіру, цифрландыруды енгізу, қызмет нәтижесін бағалау сияқты тетіктер қабілетті де жауапты мамандардың мемлекеттік қызметте өсуіне жағдай жасайды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментімен кадрлардың жай-күйіне, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігі мен ілгерілетуге тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2024-2027 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, мерито-

кратия қағидатын сақтау деңгейі 2026 жылы 64,3% құрап, 2026 жылдың I жартыжылдығы бойынша бұл көрсеткіш ие. Меритократия – қызметте ілгерілеу адамның жеке ықпалға емес, біліміне, еңбек тәжірибесіне, бастамашылдығына негізделуі тиіс деген ұстаным. Бұл қағидат мемлекеттік қызметшілер арасында әділ бәсекелестік қалыптастырып, әрбір маманның кәсіби дамуына жол ашады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесінде ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаттарын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Іріктеу және мансаптық ілгерілету процестерін жетілдіру, цифрландыруды енгізу, қызмет нәтижесін бағалау сияқты тетіктер қабілетті де жауапты мамандардың мемлекеттік қызметте өсуіне жағдай жасайды.

Қорытындылай айтқанда, мемлекеттік қызметтегі өсу – кәсіби кемелденудің, нәтижелі еңбектің және ел алдындағы жауапкершілікті сезінудің айқын көрінісі. Ал меритократия қағидаты – әділ, ашық және нәтижеге бағытталған мемлекеттік қызметтің берік негізі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті

МАРАЛ ИШАН ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ МҰРАСЫ

Қазақ халқының тарихында елдің азаттығы мен руханияты үшін қатар қызмет еткен тұлғалар аз емес. Солардың ішінде ерекше орын алатын қайраткерлердің бірі – Марал ишан Құрманұлы. Ол – XIX ғасырдағы қазақ даласындағы ислам дінінің көрнекті ғұламасы, ағартушы, сопылық дәстүрдің ірі өкілі, халықты бірлікке, имандылыққа және азаттыққа үндеген рухани көшбасшы.

Марал ишанның есімі қазақ даласының барлық өңіріне кеңінен таралған. Ел аузында ол көреген әулие, емші, ұстаз әрі ел қамын ойлаған қайраткер ретінде сақталған. Оның өмірі мен қызметі қазақ халқының рухани тарихының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Ұлт руханиятының шамшырағы.

Марал ишан Құрманұлы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген. Ол қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық қызметпен қатар елдің қоғамдық-саяси өміріне де белсене араласқан. Ресей империясының отарлау саясаты күшейген кезеңде халықтың рухын көтеріп, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға күш салды.

Замандастары Марал ишанды тек діни қайраткер емес, әділ би, шешен, көріпкел әрі халықтың қамқоршысы ретінде таныған. Оның айналасына жүздеген шәкірттер жиналып, ислам ілімін үйренді. Ел арасындағы даулы мәселелерді шешіп, адамдарды татулық пен әділетке шақырды.

Исламды насихаттаушы ағартушы. Марал ишанның басты еңбектерінің бірі – қазақ даласында дәстүрлі ислам құндылықтарын орнықтыру болды. Ол халық арасында медреселер ашып, шәкірт тәрбиеледі, араб жазуын, Құран ілімін, хадис, фикһ және сопылық ілімдерін оқытты. Оның шәкірттері кейін Қазақстанның әр өңірінде ишандық қызмет атқарып, халыққа білім мен тәрбие берді. Марал ишан әулетінен отызға жуық ишанның шығуы – қазақ тарихындағы сирек кездесетін құбылыс. Бұл әулет бірнеше ұрпақ бойы ислам мәдениетін, ұлттық дәстүрді және рухани сабақтастықты сақтап қалуға зор еңбек сіңірді.

Қызылорда, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай өңірлерінде қызмет атқарған Қалқай ишан, Алдажар ишан, Мұхамеджан ишан, Сүлеймен ишан, Әмит ишан, Есей ишан және басқа да ұрпақтары халық арасында үлкен беделге ие болды. Азаттық жолындағы күрескер. Марал ишан қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың



Мөр

рухани көсемдерінің бірі саналады. Ол халықты отарлық езгіге қарсы рухтандырып, елдің тәуелсіздігі үшін күрескен батырларға қолдау көрсетті.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы кезеңінде Марал ишанның есімі ерекше құрметпен аталады. Оның батасы мен рухани қолдауы ел арасында кеңінен тараған. Сондықтан халық оны «Үш жүздің пірі» деп атаған. Киелі мұралар – тарихтың үнсіз куәгерлері.

Марал ишаннан бүгінгі күнге дейін көптеген тарихи жәдігерлер сақталған. Олар – қазақ халқының рухани мәдениетінің аса құнды ескерткіштері. Олардың қатарында күміс белдігі, былғары белбеуі, тақиясы, шапаны, мисуағы, амияны, сағаты және ұстазы Жалаңаяқ ишаннан мұра болып қалған қасиетті көк аса ерекше орын алады. Сондай-ақ ұрпақтарының қолында Қалқай ишанның екі мөрі сақталған. Бұл



Аса таяғының басы

мөрлер қазақ даласындағы діни басқару жүйесінің және ишандар институтының нақты тарихи дәлелі болып саналады.

Марал ишан әулетінде сақталған бір сандық қолжазбалар мен көне кітаптардың ғылыми маңызы өте зор. Олардың арасында «Хуласи әл-Кидани», «Мұхтасар әл-уикая», «әл-Баззазия», «Талфиқ әл-акбар» сияқты ислам әлеміне белгілі еңбектер бар. Бұл кітаптар қазақ даласында ислам ғылымының жоғары деңгейде дамығанын дәлелдейді.

XIX ғасырда салынған Марал ишан мен Қалқай ишан кесенелері қазақтың дәстүрлі сәулет өнерінің бірегей үлгілері болып табылады. Олар Қазақстан мемлекетінің қорғауына алынған тарихи-мәдени ескерткіштердің қатарына енген. Соңғы жылдары мемлекет пен жергілікті азаматтардың қолдауымен кешен толық жөндеуден өткізіліп, жол, қонақ үй, шырақшы үйі, ауыз су, газ жүйесі сияқты инфрақұрылымдар жаңартылды. Бұл жұмыстар қасиетті орынның тарихи маңызын арттыра түсті.

Марал ишан мұрасы – бүгінгі ұрпаққа аманат. Бүгінде Марал ишан есімімен Қазақстанның бірнеше өңірінде мешіттер, медреселер, көшелер аталады. Қызылордадағы қарилар даярлайтын медресе, Қармақшы мен Қостанай облыстарындағы мешіттер, Ақмешіт мешітінің Марал ишан атымен аталуы – халықтың бабаға деген құрметінің көрінісі.

Марал ишан Құрманұлы – қазақ халқының рухани тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі. Ол халқына тек діни білім ғана емес, ұлттық рух, адамгершілік, әділет, имандылық пен елдік идеясын аманат етіп қалдырды.

Ұлы тұлғалардың мұрасы – халықтың мәңгілік қазынасы. Марал ишан Құрманұлының рухани мұрасы да қазақ елінің ұлттық жады мен тарихи санасының алтын қорында мәңгі сақтала бермек.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ, зерттеуші

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

СӘКЕННІҢ САКВОЯЖЫ

Ұлт тарихы тек архивтерде сақталған құжаттар мен сарғайған қолжазбалардан ғана құралмайды. Кейде бір ғана жәдігердің өзі тұтас бір дәуірдің тынысын сездіріп, ұлы тұлғаның өмір жолынан сыр шертеді. Үнсіз тұрғанымен, мұндай құндылықтардың бойында уақыттың табы, тағдырдың ізі, тарихтың таңбасы сақталады. Солардың бірі – қазақ халқының көрнекті ақыны, жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллинге тиесілі жол саквояжы.

Бұл қарапайым ғана кіші саквояж алғаш қарағанда өзгелерден ерекшеленбейтіндей көрінуі мүмкін. Алайда оның тарихи әрі рухани құндылығы өлшеусіз. Себебі бұл саквояж – Сәкеннің өмір жолымен бірге өрілген, оның сансыз сапарының, ел үшін атқарған қызметінің үнсіз куәгері.

Деректерге сүйенсек, Сәкен Сейфуллин бұл саквояжды 1930 жылдары Мәскеу қаласындағы «Синторг» дүкенінен арнайы сатып алған. Сол кезеңде ол әдебиет пен мәдениет саласында ғана емес, мемлекет ісінде де белсенді қызмет атқарып, ел ішін, Мәскеу мен өзге де орталық қалаларды жиі аралаған. Әрбір іссапарында осы саквояжды жанынан тастамаған. Сондықтан бұл жәдігер – оның тынымсыз еңбегі мен ел алдындағы жауапкершілігінің айғағы.

Ұлы тұлғалардың өмір жолын олардың шығармаларымен қатар, жеке пайдаланған заттары да айғақтайды. Өйткені әрбір жәдігердің бойында иесінің өмір салты, талғамы, мінезі мен тағдырынан сыр шертетін ерекше белгі сақталады. Мұражай төріндегі әрбір жәдігер – өткеннің үнсіз сөйлейтін шежіресі. Сәкеннің саквояжы да – сондай құнды мұралардың бірі.

Бұл саквояждың ішінде жолға қажетті жеке заттармен қатар, қолжазбалар, маңызды құжаттар мен шығармашылық жоспарлар да бірге жүргені анық. Бәлкім, қазақ әдебиетінің алтын қорына енген талай туындының алғашқы нобайлары да осы саквояждың қойнауында сақталған шығар. Сондықтан бұл – жай ғана жол сөмкесі емес, халқымыздың рухани



тарихынан сыр шертетін тарихи жәдігер.

Саквояжды 2003 жылы Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам Сейфуллинаның немере сіңлісі Софья Батырбекова табыстаған. Гүлбаһрам Батырбекқызы Сәкен Сейфуллинге арналған мұражайдың болашақта ашылатынына кәміл сеніп, осы құнды жәдігерді мұражай қорына өткізуді аманат еткен екен. Бүгінде бұл аманат орындалып, саквояж мұражай қорында сақтаулы. Ол – Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық және қоғамдық қызметінен сыр шертетін, өткен мен бүгінді жалғайтын, ұлт тарихының құнды куәсіне айналған баға жетпес құнды жәдігер.

Бүгінде бұл саквояж – жай ғана музей жәдігері емес. Ол – ұлттық жадымызды жаңғыртатын, өткенімізді құрметтеуге үндейтін, ұлы тұлғаның ғұмыр жолынан сыр шертетін асыл мұра. Оның көнерген былғарысы, уақыт табы сіңген тұтқасы, әрбір ізі бізді өткен ғасырдың белестеріне жетелеп, халқына адал қызмет еткен азаматтың асқақ бейнесін көз алдымызға әкеледі.

Азамат СЕРІКҰЛЫ, Сәкен Сейфуллин музейінің әдіскері

ОПЕРА ӨНЕРІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Биыл – Қаз КСР және КСРО халық әртісі, Қаз КСР мен КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ермек Серкебаевтың туғанына 100 жыл. Осыған орай Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №13 көпшілік кітапханасында «Опера өнерінің майталманы» атты музыкалық кеш өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шара барысында әйгілі әншінің өнер жолы мен шығармашылығы кеңінен таныстырылды. Ермек Серкебаев қазақ опера өнерінің дамуына үлкен үлес қосып, халық ықыласына бөленген ерен талант иесі болғаны, қазақ операсының тарихы мен бүгінгі жетістігі осы аңыз тұлғаның есімімен тығыз байланысты екені айтылды.

Ермек Серкебаев Ахмет Жұбанов және Латиф Хамидидің «Абай» операсында – Абайдың, Мұқан Төлебаевтың «Біржан мен Сарасында» – Қожағұлдың, Петр Чайковскийдің «Евгений Онегин» және «Қарғаның мәткесінде» Онегин мен Елецкийдің, Джоаккино

Россинидің «Севиль шаштаразында» Фигароның, «Асауға тұсауда» Петруччионың партияларын орындағаны, Евгений Брусиловскийдің «Ер Тарғыны» мен Еркеғали Рахмадиевтің «Алпамыс батырында» бас партияларды шырқағаны баяндалды.

Әйгілі Кеңес әншілері оның өнерін жоғары бағалады. Атап айтқанда, Дмитрий Гнатюк Ермек Серкебаевты «баритон патшасы», Муслим Магомаев «Кеңес Одағының үздік Фигаросы» деп атады. Осы партиямен ол Еуропа мен КСРО-ның көптеген опера театрларында өнер көрсетті. Іс-шара көрермендері мен кітапхана оқырмандары әйгілі әншінің орындауында осы партияны тыңдады.

Ермек Серкебаевтың репертуарында



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

	Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК	Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс № 84 Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС	 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК  Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru Кезекші редактор – Айгүл УАЙС
---	--	---	--	---